

**Қазақстан Республикасының материалдық құндылықтарды  
жұмылдыру резервінен шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі  
тендер нәтижесінің  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

14.05.2015ж.  
сағ.:11:00

1) **Тендерлік комиссия құрамы:** А.Ә. Сәду – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің (бұдан әрі – ММРК) төрағасы, тендерлік комиссияның төрағасы; С.К. Сабырбаева – ММРК төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төраға орынбасары; комиссия мүшелері: Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы; Д.А. Нұрқанов – ММРК Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасының басшысы; М.Б. Мағұлов – ММРК Жұмылдыру болімшесінің бас сарапшысы; Ә.А. Торебекова – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы, үміткерлердің тендерге қатысу өтінімдер конвертін ашу процедурасын Астана қ., Янушкевич кош., 2, мекенжайы бойынша 2015 жылғы 14 мамырда сағат 11:00-де өткізді.

2) Тендер 2014 жылғы 31 желтоқсандағы ММРК жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген Шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

3) Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.

4) ММРК-нің [www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz) сайтында орналастырылған жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімі келесі тұлғадан тендерге қатысу өтінімдерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	«КазЭнерго Уголь» ЖШС	1	Қарағанды қ., Ерубаяев көшесі, 31 үй, 4пәтер	13.05.2015 ж.	16:55
	<b>Барлық конверттер саны:</b>	<b>1</b>			

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 11-тармағына сәйкес тендерлік комиссиясы келесі өтінімді тіркеуге алды:



**1. «КазЭнергоУголь» ЖШС(№ 35 лот)**

Тендерге қатысу өтінімі тігілген, мөрленген, нөмерленген, 24 бетте;

1. Тендерлік өтінім;
2. Мемлекеттік қайта тіркелгендігі жөніндегі анықтама (нотариалды куәландырылған көшірмесі);
3. 2015 жылғы 8 мамырдағы «БанкЦентрКредит» АҚ филиалынан берешектің жоқтығы туралы анықтама;
4. Жарғы (нотариалды куәландырылған көшірмесі);
5. 29.04.2015 жылғы № 38, 06.05.2015 жылғы № 48 төлем тапсырмалары.

5) Қатысушылар ұсыныстарының және тендерлік комиссия шешімінің саны, бағасы, толеу және шығару шарттары бойынша ақпарат тендер нәтижесі кестесінде (осы хаттамаға қосымша, 1 бетте) көрсетілген.

6) Қағидалардың 36 тармағына сәйкес тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша келесі қатысушыларды жеңімпаз ретінде тану туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

1. Жалғыз қатысушы ретінде «КазЭнергоУголь» ЖШС-ның № 35 лот бойынша өтінім бағасы 103 152 891,40 (жүз үш миллион жүз елу екі мың сегіз жүз тоқсан бір теңге қырық тиын) теңге құрайтын тендерге қатысу өтінімін.

Осы шешімге:

- тендерлік комиссияның 5 мүшесі - «қолдаймын»;
  - тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»
- деп дауыс берді.

7) Тендер нәтижесі тендер ұйымдастырушысының Ғаламтор-қорында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын және қатысушыларға хабарлансын.

8) ММРК жеңімпаздармен сатып алу – сату келісім шартын 10 (он) жұмыс күні ішінде жасасын.


Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2015 жылғы 14 мамырда сағат 11.20-да жабылды деп есептелсін.

**Комиссия торагасы:**

А.Ә. Сәдуа 

**Комиссия торагасының орынбасары:**

С.К. Сабырбаева 

**Комиссия мүшелері:**

Б.Қ. Ахметов 

Д.А. Нұрқанов 

М.Б. Мағұлов 

**Комиссия хатшысы:**

Ә.А. Төребекова 

2015 жылғы 14 мамырдағы тендер нәтижесінің хаттамасына № 1 қосымша

№	Қатысушының атауы	лот № 35
	Кесімді бағасы	103 152 891,40
	Төлеу мерзімі	10 күн
	Әкету мерзімі	60 күн
1	"КазЭнергоУголь" ЖШС	103 152 891,40
	Төлеу мерзімі	10 к.күн
	Әкету мерзімі	60 к.күн

*Handwritten signatures in blue ink.*

*Handwritten mark or signature in blue ink.*